

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің «№2 «Айгөлек» бөбекжай балабақшасы»  
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының  
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне  
ішкі талдау нәтижелері бойынша  
**ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Алға қаласы

24.04.2024 жыл

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№2 «Айгөлек» бөбекжай балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау білім беру ұйымының 2024 жылғы 16 қаңтардағы №7 бұйрығына сәйкес жүргізілді.

**Талдауды жүргізу кезеңі:** 2024 жылдың бірінші тоқсаны бойынша.  
**Талданатын нысан туралы мәлімет:** «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№2 «Айгөлек» бөбекжай балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

**Мекенжайы:** Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Алға қаласы, Ә.Молдағұлова көшесі 8 үй.

**Талдау нысаны:** Мектепке дейінгі білім беру ұйымы.  
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) Білім беру ұйымының қызметіне ықпал ететін басқарманың ішкі нормативтік құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Білім беру ұйымының ұйымдастырушылық және басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Білім беру ұйымы ұйымның құзыретіне жататын функцияларды, жоспарлы құжаттарды, нормативтік-құқықтық актілерді орындауға, мемлекеттік органның жоспарлы құжаттарында көзделген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге, мемлекеттік қызметтер көрсетуге бағытталған іске асыру функцияларын жүзеге асыру міндетті болып табылады.

Білім беру ұйымы өз қызметі мен өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарына, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге, Жарғыға, ұйымның ішкі еңбек тәртіп ережелеріне сәйкес жүзеге асырады.

## Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық сипатындағы нормалардың болуы

1. «Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік қызметі;

Жоғарыда аталған мемлекеттік қызмет түрі мектепке дейінгі білім беру мекемелері арқылы жүргізіледі. Аталған рәсімдер мемлекеттік көрсетілетін қызмет болып табылады.

«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет талаптары негізінде қажетті құжаттар тізбесін түгел жинақтау қажет.

Мекеме 2024 жылдың 1 тоқсаны бойынша 1 өтініш журналға тіркелген. Осы 1 өтініш қағаз арқылы қабылданған.

**Ұсыныс:** Өтініштерді электрондық үкімет веб-порталы арқылы қабылдауды жалғастыру.

## Ұйымдастыру-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Ұйымдастырушылық және басқарушылық қызметі келесі мәселелерді қамтиды:

- 1) Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы;
- 2) Мүдделер қақтығысын реттеу;
- 3) Мемлекеттік қызмет көрсету;
- 4) Бақылау функцияларын іске асыру;
- 5) Бөлімдерге келіп түскен арыз-шағымдар туралы;
- 6) Бөлімнің ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

## I. ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ, СОНЫҢ ІШІНДЕ КАДРЛАРДЫҢ АУЫСУЫ

2024 жылдың 1 тоқсаны бойынша 1 қызметкер «<https://passport.enbek.kz>» порталы арқылы қабылданған. Маусымдық жұмыстан босатылған қызметкерлер

2. Әдіскер, тәрбиеші және логопед басқа қызметке тағайындалуына байланысты жұмыстан босатылған.

### Ұсыныс:

Балабақшада кадрлардың жиі алмасуына жол бермеу, қызметке тағайындалатын жас мамандарға тәлімгерлік тұрғыда көмек көрсету.

## II. МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУ

Есепті кезеңде мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

Білім беру ұйымына жүргізілген талдау барысында төмендегідей ұсыныстар берілді:

- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туындататын нормативтік құқықтық актілер бойынша ұсынысты зерделеп, тиісті органдарға жеткізу;
- білім беру ұйымының тарапынан орындаушылық, атқарушылық тәртіпті күшейту;
- кадрлардың жиі алмасуына жол бермеу, қызметке тағайындалатын жас мамандарға тәлімгерлік тұрғыда көмек көрсету;

Ішкі талдауды жүргізуге және  
жұмыстың нәтижесіне басшылық,  
үйлестіру және жауаптылық жүктелген  
тұлға



**Б.Бердібаева**